

«Адамның бір бақыты — бала деген»

Баланың шыр етіп өмірге келуі — зор қуаныш. Бала отбасының сәні, Алланың берген сыйы. Біреу бақытын байлықтан табады, біреу даңқтан, атақтан, мансаптан тапқысы келеді. Түсінген адамға, мұның бәрі қолдың кірі. Адамға нағыз бақытты тәрбиелі, саналы ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бекер айтылмаған. Өйткені адамның өмірінің мәні — өз ұрпағы.

«Ұлы бар үйде — қуат бар, қызы бар үйде — шуақ бар» - дейді. Қазақ халқы қашан да бала тәрбиесіне үлкен мән берген.

«Ел болам десең — бесіңді түзе» - деген нақыл сөзді ата-бабаларымыз мұра қылып қалдырған. Үш сөзбен-ақ ұрпағын тәрбиелеген. «Жаман болады, ұят болады, обал болады» - осы тыйым сөздер ұрпақ үшін заң-ереже болған. Қазақ отбасы өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Жанұясында үнемі осындай тыйым сөздерімен тәрбиеленген бала тілалғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып өскен.

«Қызға қырық үйден тыйым» деп, 40 тыйым сөзбен тәрбиеленген қыз ибалы, инабатты, іскер, өжет, адал болған. Тәрбие басы — әдептілікте, ата-ананы, үлкенді сыйлап тындауды, ешкімді мұқатпауды, кемсітпеуді үйреткен. Міне, осы ұрпақ тәрбиелеудегі ата-бабаларымыз көрсетіп кеткен қағидалар, ұлттық-отбасылық құндылықтар тәрбиенің негізі, алтын дінгегі, қайнар көзі болып сақталуы керек.

«Әке-ер, шеше-жігер, бір үйде екі кеменгер», үлгілі әке, инабатты ана-отбасы. «Әкесіне қарап — ұлын сына», «Шешесіне қарап- қызын ал» дейді халық.

Ер бала әкесімен сырлас, дос. Баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына әкенің атқарар рөлі ерекше. Ендеше ұрпағымыздың бақытты болуы бір Алладан, кейінгі данасы да, панасы да «Әкелер».

«Қыз — өмірдің айнасы, болашақтың анасы» - дейміз. Отбасындағы береке мен бірлігін сақтап, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді ұрпағына жалғастыратын әйел — ана. Отағасы — шаңырақтың иесі, тірегі

болса, сол үйдің ошағының иесі, отбасының тірегі әйел ана. Ұрпағын тәрбиелеп өсіретін — дана.

«Отбасы — Отан тірегі». Ұлтына, отбасына, Отанына деген құрмет, сол үшін қызмет ету, қорғау, сақтау — жалпы құндылықтардың бәрі отбасынан, өз-өзіне тәрбиесінен басталады. Әрине, жас өседі, жаңа орта табады, жаңа дос, ұжым пайда болады, жақсыны да, жаманды да көреді. Бірақ рухани адал, әділ, жан-жақты үлгілі тәрбие алған, жас адам жақсысын алып, жаманнан жерінеді, аулақ жүруге тырысады. Өзінен кейінгіні де адалдыққа, адамгершілікке жетелейді. Мінезі өзгеруі мүмкін, бірақ рухани шеңберден, ұлттық қағидалар мен әдептерден шықпайды.

Әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, еңбекқорлыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға үйретеді, отағасы қандай болуы керек екендігін өз тәжірибесі арқылы ұлына көрсете білуі керек. Үй еңбегінде де қиын соғатын істерді өз мойнына алуға тәрбиелеуі керек.

Тәрбие жұмысы баламен сөйлесу, сырласу, ой бөлісу арқылы жүреді. Сөйлесу үшін арнайы уақыт іздеп қажеті жоқ, баланы сөзбен, арнаулы теориямен, үгітпен тәрбиелемей-ақ, ата-ана өз ісін істеп жүріп-ақ баланы қасына ертіп, баланың ойын тыңдап, әңгіме арасында ақылында қоса айтып жүрсе, ой бөлісуге болады.

Бала әкесіне, шешесіне көмектескісі келеді, құптарлық, көмектескені дұрыс үйренсін. Бірақ олай емес, сен бүлдірдің, әрі тұршы

деп, балаға ұрысу қателік. Керісінше, баланың қолынан келетін жұмысты тапсыру, оған жағдай жасау, қателігін айтып дұрыстау, үйрету керек. Тапсырған істі аяғына жеткізгенше бақылау, жақсы ісін мақтап, баланың тіршілік ісін дұрыс ұйымдастырып, табиғат сыйлаған дарын болса-дамыту қажет. Баланы қалай жақсы көретіңді, оның болашағына алаңдайтыныңды жылулықпен білдіру керек.

Мектепте баланың жан-жақты тәрбие алуына ықпал ететін ұстаздар. Ұстаздың сүйенушісі ата-ана. Сондықтан, ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасап, оқу-үлгеріміне назар аударып, қадағалап отыруы керек.

Өкінішке орай, кейбір ата-аналар, әсіресе әкелер баланың сынып жетекшісін де танымайды. Бала тәрбиесі өте күрделі, ешқашан үзіліс, демалыс дегенді білмейді.

Баланың жақсысы, ата-ананың абыройы, жаманы — қайғысы. Баланың жүріс-тұрысын, киген киімін, жолдастарын білу, бос уақытын қайда, кімдермен өткізетінін біліп отыру қажет. Аптаның соңына қарай сынып жетекшісімен кездесіп, баланың үлгерімін, тәртібін біліп тұру қажет. «Бүгінгі оқушы — ертеңгі азамат». Бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған дұрыс.

Баланың көзінше біреуді сыртынан жамандап, есек айтуға болмайды, балаға теріс әсер етеді. Ата-ана баланың көзінше әдепсіздік танытпағаны жөн.

Үйде ашық түрде арақ ішу, шылым шегу, барып тұрған әдепсіздік. «Көрінген таудың алыстығы жоқ». Бала да өседі, кішкентай кезінен неге әуестенсе сол көргенін қайталауы мүмкін.

Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да, ұлдары маскүнемдікпен, нашақорлыққа бой алдырып, қыздары шылым шегіп, жеңіл жүріске түсуі, отбасындағы тәрбие дұрыс жолға қойылмағандығының айғағы.

Отбасының шырқын бұзатын ата-ана маскүнемдікке салынған, азғындаған отбасында бала айқай-шуды, ұрыс-керісті көріп қашанғы шыдайды. Басқа өмір аңсайды, теріс тәрбиеге бой алдырады, теріс жолға бала да түседі. Ондай отбасында бала жиі сабақ қалдырады, бақытсыз қыз, бұзақы бала өседі. Сонда негізгі күнәні кімнен іздейміз?

«Ұяда не көрсе — ұшқанда соны іледі»-деген, ата-ана тәрбиесі баланың өміріне үлкен із қалдыратыны белгілі. Жалпы бала бір отбасына ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройы міндеті. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Заңға бағыну жалпыға бірдей. Жас ұрпақ білім алу жүйесінде білім ордасының ережелерін орындап, тәртіпке бағынуы міндет.

Жалпы, жастар арасындағы тәртіп мәселесіне келер болсақ: көшеде, қоғам орындарында, көлікте, көпшілік ортасында өзін-өзі дұрыс ұстау.

Құқық бұзушылыққа: бұзақылыққа, вандализмге, есірткіге, зорлық-зомбылыққа жол бермеу. Әлеуметтік желідегі этиканы сақтау, жалған ақпарат таратпау, кибербуллингке жол бермеу. Әлеуметтік желіден өзінің біліміне, дамуына қажетті ақпаратты пайдалану.

Тәрбиелі жастың — тәртібі мінсіз болады. Тәртіп бар жерде, отбасында, мемлекетімізде береке мен бірлік болады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды»-деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай. Бүгінгі әрбір жас адам «Мен мемлекетіме, еліме не беремін»-деген сұрақты өзіне қоя білсе, қоғамымыз таза әрі қауіпсіз болар еді.

«Білімсіз — бүлдіреді, ата — ананы күйдіреді»-деген нақыл сөз өмірден алынған.

Білімді,білікті болу, Заңды білу, ұлттық құндылықтар мен жалпызаманауи азаматтық құндылықтарды ұштастыра алатын тұлға болу - ел болашағы жастарға міндет. Қазақ елінің әлеуметтік тұрақтылығы үшін, мәдениеті үшін ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың маңызы зор.

«Бар бақытым ұлым-артта қалған ізім мен ұзатылған қызым»-деп, бүгін бала тәрбиелеп отырған ата-аналар бар бақытына саналы ұрпағынан тапсын деп тілеймін.

Бақытжамал ҚАЛТАЕВА,
Арқалық қалалық Аналар кеңесінің төрағасы.

Қостанай облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы 2024–2026 жылдарға арналған Қостанай облысы бойынша қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспарына өзгерістер енгізу жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер тізбесі – Қостанай облысы. Координаттары: 53.215446, 63.535425.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 24 маусым күні сағат 10:00-де Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 72 мекенжайындағы конференц-залда өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға онлайн режимінде қатысу үшін келесі сілтеме арқылы өту қажет: <https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZlZDZCZz09>

Конференция идентификаторы: 387 530 9521. Кіру коды: uv3JD5

Жобалық құжаттаманың бастамашысы және өзірлеушісі – Қостанай облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Заңды мекенжайы: Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 72. Тел.: 8 (7142) 54-47-46. БСН: 030140001795.

Жоба құжаттамасы <https://ndbecology.gov.kz> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 8 (7142) 54-61-66 телефоны арқылы немесе zh.remizova@kostanay.gov.kz электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде zh.remizova@kostanay.gov.kz электрондық поштасына, Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 72 мекенжайына, сондай-ақ «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталы арқылы қабылданады.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по Проекту о внесении изменений в План мероприятий по охране окружающей среды по Костанайской области на 2024-2026 гг.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания - Костанайская область. Координаты: 53.215446, 63.535425

Слушания состоятся 24 июня 2026 года в 10:00. По адресу: Костанайская область, г. Костанай, Тәуелсіздік, 72 конференц зал

Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: <https://zoom.us/j/3875309521?pwd=ZWZra1Q5MTV6V0ltSU9wZVZlZDZCZz09>

Идентификатор: 387 530 9521 Код: uv3JD5

Инициатор и разработчик проектной документации: Управление природных ресурсов Костанайской области, юр.адрес: г. Костанай, Тәуелсіздік, 72, тел 8 (7142)544746. БИН 030140001795.

Документация по проекту размещена в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kostanai-tabigi-resurstar?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Дополнительная информация: 8(7142)54-61-66, zh.remizova@kostanay.gov.kz.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: zh.remizova@kostanay.gov.kz и г. Костанай, ул.Тәуелсіздік, 72, а также на портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов».

Қоғам тыныштығы назарда

Биылғы жылдың өткен кезеңінде Қостанай облысында 115 527 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді. Бұл туралы ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің облыстық департаменті мәлімдеді. Көрсеткіш бойынша өңір республика көлемінде 14-орында тұр.

Мамандардың айтуынша, әкімшілік құқық бұзушылықтарды тіркеу Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі (ӘАБТ) арқылы жүргізіледі. Аталған жүйеде құқық бұзушылықтар, оларды жасаған тұлғалар және қабылданған шешімдер жөніндегі мәліметтер сақталып, әкімшілік істер электронды форматта рәсімделеді.

Статистикалық деректерге сәйкес, тіркелген әкімшілік істердің басым бөлігі Полиция департаментіне тиесілі. Атап айтқанда, 109 688 іс немесе жалпы көрсеткіштің 94 пайызы осы ведомствоның үлесінде. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер департаментінде 3 199 іс, жергілікті атқарушы органдарда 515 іс тіркелген.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қостанай облысы бойынша департаментінің азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры Мирас Беркенов құқық бұзушылықтардың негізгі бөлігі көлік және жол шаруашылығы саласына қатысты екенін айтты.

«Әдеттегідей, құқық бұзушылықтардың басым үлесін жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілері құрап отыр. Бұл бағытта 75 039 дерек анықталып, жалпы құқық бұзушылықтардың 64 пайызын құрады. Ең жиі тіркелген құқық бұзушылықтардың бірі – ҚР ӘҚБтК-нің 592-бабы бойынша белгіленген қозғалыс жылдамдығын асыру деректері. Осы баппен 24 529 құқық бұзушылық тіркелді. Сондай-ақ көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу бойынша (590-бап) 7 209 дерек, ал Қазақстан Республикасында тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұруға қатысты (492-бап) 6 994 жағдай анықталды», – деді ол.

Мамандар әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, әсіресе жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейту маңызды екенін атап өтті. Бұл қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылықтар санын азайтуға мүмкіндік береді.

Редакцияның мекенжайы: 1 10000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

МЕНШІК ИЕСІ

«Қостанай таңы»
газеті редакциясы» ЖШС

Директор-Бас редактор
Кенжеш ОРАЗҒАЛИҚЫЗЫ

Директор-Бас редактор
қабылдау бөлмесі:
54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-Бас редактордың
орынбасары: 54-84-44

Шеф-редактор: 54-67-65

Тілшілер: 54-79-68, 54-28-42

Жарнама бөлімі: 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Арқалықта: 7-30-79, 8-701-323-54-91

Амангелдіде: 8-700-725-98-09

Жангелдинде: 8-701-323-54-91

Беттеуші-дизайнер:
Нұрсұлу Алматы.

Нөмірдің кезекші редакторы: Сералы МЫРЗАБАЙ

Тапсырыс: 590

Таралымы: 5341

Газете жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция оқырман хатына жауап бермейді және оны қайтармайды.

А-4 форматта үш беттен асатын материалды қабылдамайды.

«Қостанай таңында» жарияланған материалды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 22.11.2018 жылы тіркеліп, №17374-Г куәлігі берілді.

«Қостанай таңы» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Офсеттік басылым. «Полиграфия Қостанай» ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі №16. Бағасы келісім бойынша.